

Бекітемін:

Мектеп меңгерушісі Шалабаева Ж.С.

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы : Милы бастауыш білім беретін мектебі ,«Шұғыла» шағын орталығы

Топ: кіші жас

Балалардың жасы: 2 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 23.09 - 27.09.2024ж.

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Нейрожаттығу ойынымен балаларды қабылдау. (қарым-қатынас іс-әрекеті) BilimKids дамытушы мультфильмді қосып қарсы алу. “Қайырлы таң” https://cdn.onlinebalabaqsha.kz/inside2020/storage/media/video/8/file/0PBtgZUyE.mp4 (қарым-қатынас іс-әрекеті, музыка)				
Ата-аналармен әңгімелесу	Кіші жастағы баланың есте сақтауын қалай дамытуға болады? https://bilimkids.kz/correction_work/6203	Әңгіме жүргізу: "Бала танымын дамытудың маңыздылығы".	"Балаға айналадағы заттардың атауын атап айтқызу және оған сол заттар туралы сұрақтарды қоюдың ерекшеліктері".	"Ата-ананың баланы балабақшаға әкелуі және алуы кезіндегі әрекеттері"	Ата-аналарға кеңес. "Демалысты пайдалы өткізу".
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және	«Өнегелі тәрбие» Еңбек: Табиғат бұрышындағы өсімдіктерді бақылау, топырақтың құрғақ болғанына көңіл аудару, фикусті су құйғыш арқылы	«Өнегелі тәрбие» Еңбек: "Топтың ішін ретке келтір". Мақсат-міндеттер. Балаларды ересектерге көмектесуге машықтандыру; шкафтарғы ойыншықтар	«Өнегелі тәрбие» Еңбек: Балабақшадағы арнайы жабдықтарды дұрыс пайдалану, қадірлеу, қайта орнына қою, бір-біріне көмек көрсетуге тәрбиелеу.	«Өнегелі тәрбие» Еңбек: "Ұйымдастырылған іс-әрекеті кезінде оқу құралдарын тарату және орындарына жинау іскерліктеріне ынталандыру.	«Өнегелі тәрбие» Еңбек: Балаларды тамақ ішкенде табақшаларды, қасықтарды қою, ішіп болғанда жинастыру іскерліктерін ынталандыру.

басқалар)	суаруды көрсету. «Менің Қазақстаным» Қазақстан Республикасының Гимн орындауы. Міндеттер: Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. (музыка) "Саусақ ойыны. "Бас бармақ". Міндеттері. Баланың тілін, қолдың ұсақ моторикасын, есте сақтау қабілетін дамыту; жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілетін қалыптастыру. Бас бармақ байтақ, Балаң үйрек – көмек, Ортан терек – бөлек, Шылдыр шүмек – керек, Кішкентай бөбек – көбелек, көбелек. Д. Ахметова (сөйлеуді дамыту, сенсорика)	мен құралдардың ретсіздігін байқап, тазалықты орнатуға тарту; еңбек дағдыларын, ұқыптылықты қалыптастыру. Құрастырудан ойын-жаттығу. "Құлыншаққа қоршау". Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымындағы кірпіш туралы түсініктерін дамыту; оның қасиеттері жөнінде алған білімдерін толықтыру; кірпіштен құлыншаққа қоршау жасауды үйрету; жасаған құрылыс үлгісіне қарап, қуаныш сезіміне бөленуге тәрбиелеу; Қазақстан туралы түсініктер беру. "Қоршау саламын" іс-тәжірибе жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Кірпіштен қоршау қалауды үйрету. (құрастыру)	"Қазақстан картасын көрсету. "Отан" тақпағын мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы. Міндеттері. Балаларды Қазақстан картасын қабылдауға машықтандыру; Отан туралы тақпақты тыңдауға, Отан сөзін қайталауға ынталандыру. Педагог балаларға тақпақты оқығанда Қазақстан ұғымын білдіретін суретті көрсете алады. Б. Ысқақов. "Отан". Отан - сенің ата-анаң, Отан - досың, бауырың. Отан - өлкең, астанаң, Отан - аудан, ауылың. (сөйлеуді дамыту)	Байлау ойыншығымен ойнату. Мақсат-міндеттері. Балаларға бау байлауды үйрету; ойлау қабілетін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Құралдар: бауы байланатын ойыншықтар. Баудың ұшынан ұстайық Тесіктерден өткізейік, Әдемілеп байлайық. (сөйлеуді дамыту, сенсорика)	"Саусақ ойыны. "Тоқ-тоқ, тоқ-тоқ, саусағым". Міндеттері. Баланың тілін, қолдың ұсақ моторикасын, еске сақтау қабілетін дамыту; жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілетін қалыптастыру. Тоқ-тоқ, тоқ-тоқ, саусағым, Соққылайды томпағым. Түймешені, түймешені, Басып, басып таппадым. Д. Ахметова (сөйлеуді дамыту, сенсорика)
-------------------------	---	--	---	--	---

Ертеңгілік жаттығу Жаттығулар кешені. 1. "Қасқыр мен лақ" жаттығуы. Бастапқы қалып: аяқты иық деңгейіне қоямыз. Қол белде. Еңкейіп қолды оңға-солға созамыз. Бастапқы қалыпқа келеміз. Демді ішке тартамыз. Қолымызды жанымызға созып түсіреміз. Демді шығарамыз. Отырып тұрамыз. Екі аяқтап секіреміз. (3 рет қайталау) 2. "Көңілді аяқтар" Бастапқы қалып: аяқты иық деңгейіне қоямыз. Қол белде. Бір дегенде орнымызда тұрып секіреміз. Екі дегенде бір орында жүреміз. Бір ... (балалар орындарында тұрып секіреді) Екі ... (балалар орындарында жүреді) (3 рет қайталау) (дене шынықтыру)					
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балалардың жағымды көңіл күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетке жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу. Бақыт толы шеңберге, Шаттық толы шеңберге Қол ұстасып келдік біз, Жан достармыз енді біз. (сөйлеуді дамыту)				
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру. "Қазақстанның туы". Мақсат-міндеттері. Балаларға тура және айналма жолмен жүгіру туралы қысқаша мағлұмат беру; тура және айналма текшелерді айналып жүгіру жаттығуларымен таныстыру; балалардың жүру және жүгіру	Музыка. "Сылдырмақтар сылдырлап". Мақсат-міндеттері. Балалардың сылдырмақтар туралы әуенді тыңдау және айту қабілеттерін қалыптастыру; музыканың сипатына қарай сылдырмақты сылдырлатуды үйрету; музыкалық-	Дене шынықтыру. "Жалауды биікке көтереміз". Мақсат-міндеттері. Балаларға тура және айналма текшелерді айналып жүгіру жаттығуларын жасауды үйрету; балалардың жүру және жүгіру қимылдарын бақылап, қайталап көрсетуге	Дене шынықтыру. "Текшелерді айналып жүгіремін". Мақсат-міндеттері. Балалардың текшелерді айналып жүгіру жаттығуларын орындауын пысықтау; балалардың жүру және жүгіру қимылдарын бақылау, қайталату;	Сурет салудан ойын-жаттығу. "Жаңбыр". Мақсат-міндеттері. Балаларға қарындашты үш саусақпен ұстап, белгіленген жерден (бұлт сұлбасының төменгі жағынан) қарындаштың ұшымен төменге қарай қысқа сызықтарды қоюды үйрету; қарындаштың ұшына зер салып, қалдырған ізді тоқтаған жеріне дейін бақылап отыруға жаттықтыру; сурет салу іс-әрекетін педагогтің көрсеткен үлгісіне қарап жасауға дағдыландыру; жаңбыр

	қимылдарын бақылап, қайталап көрсетуге машықтандыру. Тыныс алу жаттығулары. "Тура жолмен жүрейік" ойыны. Мақсат-міндеттері. Жаттығу тура жолмен жүру арқылы дем алу, дем шығару мақсатында ұйымдастырылады. (дене шынықтыру)	ырғақтық қимылдарды сылдырмақпен бірге үйлестіре білу дағдыларын қалыптастыру; жомарт күз туралы білім беру. Балалардың әуенді тыңдау арқылы зеректігі мен есту қабілеттерін дамыту; музыканың сыр-сипатына қарай сылдырмақты ырғақты ойната білу дағдыларына үйрету; сылдырмақты сылдырлатуды қимылмен үйлестіре білуге баулу. "Сылдырмақтар" музыкалық-дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Музыкалық аспаптарды дыбысынан тануды үйрету. Зейін еске сақтау, ойлау, есту қабілеттерін дамыту. (музыка, сөйлеуді дамыту)	машықтандыру; тура және айналма жолмен жүгіру барысында жылдамдық, ептілік дағдыларын дамыту, балаларда жағымды эмоциялық көңіл күй туындату; тура және айналма жолмен жүгіру кезінде бір-біріне кедергі жасамай, текшелерден өту жаттығуларын орындағанда достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу. "Жел тұрды" жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Сөздік нұсқау бойынша қимылдарды орындауды үйрету. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)	тура және айналма жолмен жүгіру барысында жылдамдық, ептілік дағдыларын дамыту, балаларда жағымды эмоциялық көңіл күй туындату; тура және айналма жолмен жүгіру кезінде бір-біріне кедергі жасамай, текшелерден өту жаттығуларын жасау кезінде достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу. "Жел тұрды" жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Сөздік нұсқау бойынша қимылдарды орындауды үйрету. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)	құбылысы жөнінде түсініктер беру. "Күн мен жаңбыр" қимылды ойыны. Ауызша нұсқаулар бойынша қимылдар жасауды үйрету. (сурет салу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)
--	--	--	--	--	--

Серуенге дайындық	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Жапырақтарды бақылау. Мақсат-міндеттері. Балалардың көңілін сары жапырақтарға аудару, жапырақтардың жерге түсу құбылысын байқату; күз құбылыстары жөнінде ұғымдарды қалыптастыру; зейін, ойлау қабілетін дамыту. Педагог: - Балалар, мына ағаштардан нені көріп тұрсыңдар? - Жарайсыңдар! Жапырақтарды көріп тұрмыз. - Жапырақтар жасыл ма? - Жапырақтар сары. Педагог түсіп жатқан жапырақтарға көңіл аударады. - Қараңдаршы. Жапырақтарға не болды? - Жапырақтар түсіп	Сары жапырақтарға толы ағаштарды бақылау. Мақсат-міндеттері. Балалардың көңілін жапырақтардың сары түсіне аудару, жапырақтардың түскенін байқату. Саябаққа күз келсе, Жел дамылсыз соғады. Тыным бермей ешкімге, Жұлқылайды бәрін де. Үзіп жатыр, Жұлып жатыр Барлық сары жапырақты. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған жапырақтарды жинауға шақыру. Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға	Желді бақылау. Мақсат-міндеттері. Балаларды жапырақтарға қарап, желдің болғанын байқауды үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу. Саябаққа күз келсе, Жел дамылсыз соғады. Тыным бермей ешкімге, Жұлқылайды бәрін де. Үзіп жатыр, Жұлып жатыр Барлық сары жапырақты. Түріп жатыр, Бүріп жатыр Солғын тартқан гүлдерді. Бірақ сары жапырақ Қалмады жерде қурап, Желге көніп, амалсыз, Ұшып жатыр, шыр айналып. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған құрғақ бұтақтарды жинауға	Ақшыл бұлтты бақылау. Мақсат-міндеттері. Балаларға көгілдір, ақшыл бұлттарды байқауды үйрету; бұлттардың ақ мамықтай түрлі бейнелерге ұқсайтыны туралы баяндау; балалардың түйсігін, ой-қиялын дамыту. - Балалар, аспанға қараңдаршы. - Аспаннан нені көріп тұрсыңдар? - Иә, ақ бұлттарды көріп тұрмыз. Ақшыл бұлттар, Құстар ұқсап қанат жаясыңдар. Ақшыл бұлттар, Қайда ұшасыңдар? Д. Ахметова Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды гүлзарда қурап қалған жапырақтарды тазалауға шақыру. Мақсат-міндеттері. Балаларды қарапайым	Күзгі ауа райын бақылау. Мақсат-міндеттері. Балаларға күз мезгілі жөнінде жалпы ұғымдар беру, күздің ауа райы бұлтты, салқын болуына көңіл аудару, адамдардың жылы киінгенін байқату; зейін, ойлау қабілетін дамыту. - Балалар, айналаға қараңдаршы. Жапырақтар сарғайды. - Аспанға қарайық. Аспанда сұр бұлттар ұшып барады. - Адамдар жылы киінді. Қ. Ыдырысов "Күзім". Күзім-күзім, күзім-ау, Мінезің бұзық-ау. Жаңбырың сіркіреп Келгенің қызық ау. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған жапырақтарды жинауға шақыру. Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастарымен бірге әрекет етуге баулу. "Біз көңілді баламыз" қимылды жаттығуы.

жатыр. М. Мақатаев "Сап-сары жапырақтар". Сап-сары жапырақтар ... Сап-сары жапырақтар ... Саудырап құлап жатыр атырапқа. Біреудің жанарында, Біреудің табанында, Сап-сары жапырақтар жоғалуда. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған жапырақтарды жинауға шақыру. Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастарымен бірге әрекет етуге баулу. "Жапырақтар" қимылды жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Педагог балаларды шеңберге жинап, балаларға бір	машықтандыру; топтастарымен бірге әрекет етуге баулу. "Саябаққа шығайық" ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларға сапта таппақ сөздерінің ырғағына сай (марш) адымдап жүрруді үйрету, жағымды эмоцияларды дамыту. Саябаққа шығайық, жиналайық, Сап-сары жапырақты, кел алайық, Құстарға қолмен бұлғап шақырайық, Шеңберде бірге билеп, айналайық. - Мінеки, балалар, жапырақтар біздің бау-бақшада ұшып жатыр, жерге қонып жатыр! Балаларды үстелге ертіп әкеліп отырғызу. "Шеңберге дәлде" ойын жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Балаларға қапты	шақыру. Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастарымен бірге әрекет етуге баулу. "Жалауға жүгір" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды көрсетілген белгіге (жалауға) қарай жүгіруді үйрету; бұлшық еттерін, кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту. - Балалар, жалаулармен ойнайықшы. Педагог түсі үш түрлі жалауды алаңның үш бағытына қадап қояды. - Балалар мына жалаулардың түстерін атайықшы. (Қызыл, сары, көк.) - Жарайсыңдар! - Қазір мен атаған жалауға жүгірейік. Мұқият болыңдар. Педагог үш жалаудың бір түсін атап,	еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; әсемдікке қызығушылықты арттыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. "Қонырауым қайда?" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды белгілі бағытта сигнал бойынша жүгіруге жаттықтыру. Педагог балаларға ойынның бастамасын көрсетеді. Қонырауым қайда? Сыңғырлайды сайда. Кім адаспай тауып алады, Қонырырауды қолға алады. Балалар жасырынған қонырауды тауып алып, қолға алып сыңғырлатады. Педагог келесі жолы қоныраудың орнын ауыстырып қояды. "Аюдың орманында" қимылды жаттығу. Мақсат-міндеттері. Балалардың бір-біріне қақтығысып қалмай,	Мақсат-міндеттері. Балаларды белгілі жаттығуларға еліктей білуге машықтандыру, жаттығулардан жағымды әсер алуға ынталандыру. Біз көңілді балалармыз, Қатар-қатар тұрамыз, Көтеріміз иықты, Бақылаймыз жан-жақты. Жүріп-жүріп асықпай, Тез өсеміз, алақай! "Көлшіктен өт" қимылды жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Балалардың бір орыннан екі аяқпен алға секіру қабілетін қалыптастыру; тепе-теңдік, ептілік, көзбен мөлшерлеу сезімдерін дамыту. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)
---	---	--	---	---

	жапырақтан ұстатып, көркемсөзге сай қимылдарды көрсетеді. - Қанекей, балалар, жапырақтарды ұстап, менімен бірге қимылдайық. Педагог шеңберде тұрған балаларға қолдарын жоғары көтеріп, оңға және солға шайқалу, орнында айналу, жерге шоқайып отыру, тұру, қимылдарын қайталауды көрсетеді. "Ирелендеген жолдармен" ойын жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Асфальт бетіне салынған (жерде жатқан арқан бойымен), ирелендеген сызықтардың бойымен жүруге жаттықтыру; арақашықты сақтауға баулу. (қоршаған ортамен танысу,	нысанаға (құм салынған қап) дәлдеп лақтыруды, ептілік, мергендік қабілеттерін дамыту. (қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)	балаларды сол жаққа кезекпен бағыттайды. - Қанекей, балалар, тұзу тұр! - Қызыл (сары, көк) жалауға жүгір! Педагог дауыс балалардың бір-біріне соғылып қалмауын ескереді. "Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Алға қарай жылжи отырып, екі аяқпен бірге секіруге жаттықтыру. Далаға алып шығатын материалмен ойындар. Мақсат-міндеттері. Барлығы тату ойнауға, ойыншықтарды бөлісуді үйрету. (қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)	аяқтарды кең қалыпта ұстап, жүгіру қабілетін қалыптастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)	
--	---	---	---	--	--

	сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)				
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуді дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу. "Саусақ санамағы". Мақсат-міндеттері. Балаларға санамақты педагогтің соңынан қайталап, саусақтарды тақпақ жолына сай атауды үйрету; отбасы мүшелерін саусақ атаулары арқылы танып, шынайы атауларын айтқызуға жаттықтыру; тақырып бойынша сөздік ойындарға белсенді қатысуға талпындыру. "Айнаға айтамын" рефлексиялы жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Айнадан өздерін тануды, есімдерін атауды үйрету. Саппен жүру жаттығуы. Мақсат-міндеттері.	Музыкадан ойын-жаттығу. "Әнұран жаттайық". Мақсат-міндеттері. Балаларды Қазақстанның Әнұранын ерекше эмоциялармен қабылдауға машықтандыру, әннің салтанатты жағдайды білдіретінін түсіндіру; музыкалық-ырғақтық қимылдарды әуенмен үйлесімді жасауға ынталандыру. "Кім жылдам қозғалады?" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Музыканың ырғағына қарай қимылдар жасауды үйрету. "Жапырақтарды жинайық" дидактикалық	Саусақ жаттығуы. "Құлыптар". Мақсат-міндеттері. Баланың тілін, қолдың ұсақ моторикасын, еске сақтау қабілетін дамыту; жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілетін қалыптастыру. Саусақтарды ойнатайық, (саусақтармен жыбырлату) Бір-біріне уқалайық. (қос алақанды уқалау) Арасына өткізіп, (алақан саусақтарын бір-бірінің арасынан өткізу) Мықты құлыптар жасайық. (қос қолды жұдырыққа қысу, "құлып" жасау) (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту) Д. Ахметова	"Киюдi үйрену" атты мультфильмін көру. Мақсат-міндеттері. Бас кейіпкерлердің қимылдарына еліктеуге, әннің сөздерін қайталауға қызықтыру; киіну тәртібін есте сақтап, дұрыс орындауға ынталандыру. (сөйлеуді дамыту, музыка)	"Сары күнге ұқсап" қимылды жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Балаларды айтылған сөздердің ырғағына сай қимылдауға, педагогтің көрсетуіне еліктеуге үйрету, жағымды эмоцияларға бөлену қабілеттерін қалыптастыру. Сары күнге ұқ-сап (қол белде, басты оңға-солға шайқау), Біз жүреміз "сап-сап" (шапалақтау). Бұлт келсе қап-тап (жұдырықты кеуденің алдында айналдыру), Жаңбыр жауар "там-там" (алақанды саусақпен соғу). (сөйлеуді дамыту)

	Балалардың сапта түзу бағытпен жүріп, екі аяқпен секіріп, алға жылжу қабілеттерін жетілдіру, тепе-теңдікті сақтау қабілеттерін дамыту, бұлшық еттерін шымыр ету. Педагог балаларды көркемсөзбен қимылдарға ынталандырады. (көркем әдебиет, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту) Алдымызда ұзынша Жайылып тұр жолақша. Топ-топ етіп басайық, Қадам басып барайық. Секіреміз оп-оп! Біз жүреміз топ боп. Д. Ахметова	ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды жапырақтарды түстеріне қарай ажыратуды; қызыл, сары жапырақтарды екіге бөліп, екі сепетке салуды үйрету. Құралдар: сары және қызыл жапырақтар, екі себет (үлкен және кішкентай). (музыка, құрастыру, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)			
Балалармен жеке жұмыс	Алдымызда ұзынша, Жайылып тұр жолақша. Топ-топ басайық, Бірге жылдам барайық.	Қазақстан картасын көрсету. "Отан" тақпағын мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы. Міндеттері.	Ойын. "Пирамиданы құраймыз". Мақсат-міндеттері. Балалардың көңілі көтеріңкі, мінездері жайдары болуына	"Менің Отаным" тақпағын мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Балаларды Е. Өтетілеудің "Отан	"Менің туған қалам" иллюстрациясын қарастыру. Мақсат-міндеттері. Балаларда туған өлкесі, туған елі туралы түсініктер қалыптастыру; қабылдау, зейін, сөйлеу қабілетін

	Секіреміз оп-оп! Біз жүреміз топ боп. Д. Ахметова (сөйлеуді дамыту)	Балаларды Қазақстан картасын қабылдауға машықтандыру; Отан туралы тақпақты тыңдауға, Отан сөзін қайталауға ынталандыру. Педагог балаларға тақпақты оқығанда Қазақстан ұғымын білдіретін суретті көрсете алады. Б. Ысқақов. "Отан". Отан - сенің ата-анаң, Отан - досың, бауырың. Отан - өлкен, астанаң, Отан - аудан, ауылың. (сөйлеуді дамыту)	жағдай жасау; қолдың ұсақ моторикасын, қабылдау, ойлау қабілеттерін дамыту. Түрлі түсті шеңберлерден, Пирамида құраймын, Ең үстіңгі түсті алып, Қайта кілемге шашамын. (сөйлеуді дамыту, сенсорика)	туралы" тақпағын мұқият тыңдап, педагогтің соңынан еліктеп айтуға ынталандыру. Отан туралы алғашқы түсініктерді қалыптастыра бастау. Құралдар: балалардың санына қарай Қазақстанның табиғаты бейнеленген кәдесый жалаулары. Педагог балаларға тақпақты мәнерлеп оқып береді. Педагог жалаулар үлестіреді. Балалар қолдарына жалауларды ұстап тұрады, педагогке қосылады. Көркемсөз "Менің Отаным". Отан деген – атамекен, Отан деген – туған жер. Отан – ана, Отан үлкен, Қазақстан – туған ел! (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	дамыту. Суретте бейнеленген қаланың көрікті жерлері туралы әңгімелер. (сөйлеуді дамыту) "Қалашық құрастырамыз" ойын атрибуттары. Мақсат-міндеттері. Арнайы "лего" құрылыс бөлшектерінен қарапайым құрылыстарды құрастыруды үйрету; қолдың ұсақ моторикасын, кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту. "Лего" немесе ағаштан жасалған құрылыс ойыншықтары. Педагог әр балаға өз үйлерін құрастырып, бәрін ортақ құрылысқа біріктіруге ұсыныс жасайды. (құрастыру)
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Кіші жастағы баланың есте сақтауын қалай	Әңгіме жүргізу: "Бала танымын дамытудың	"Балаға айналадағы заттардың атауын атап айтқызу және	"Ата-ананың баланы балабақшаға әкелуі және алуы кезіндегі	Ата-аналарға кеңес. "Демалысты пайдалы өткізу".

	дамытуға болады? https://bilimkids.kz/correction_work/6203	маңыздылығы".	оған сол заттар туралы сұрақтарды қоюдың ерекшеліктері".	әрекеттері"	
--	--	----------------------	--	--------------------	--